



№38 (10231)  
23 мамыр  
сенбі  
2026 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағемімізі

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Президент



## Мемлекет басшысы

### Қызылорда облысының әкімін қабылдады

Бейсенбіде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерғешбаевты қабылдады. Қабылдауда Мемлекет басшысына өңірдің қаңтар-сәуір айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және алдағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспары баяндалды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың айтуынша, өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, экономиканы әртарапандыруда алдағы үш жылға 1 триллион 900 миллиард теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Биыл 1 триллион теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, жаңа драма театры мен заманауи кітапхананың құрылысы жүргізіліп жатыр. «Қызылорда – Ақтөбе» автожолын кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. «Бейнеу – Сексеуіл» тас жолының құрылысы жақында қолға алынбақ.

Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, халықтың 85 пайызы «көгілдір отынды» тұтына бастайды. Үй кезегіндегі азаматтарды баспанамен қамту мақсатында биыл 2 400 пәтер беру жоспарланған. Облыстағы 138 шақырым автомобиль жолдары, кешелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өткізу, жолдардың 95,5 пайызын жақсарту кезделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне экономиканы әртарапандыру, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Akorda.kz

## Салтанатты шара

# Мәдениет пен өнер – ұлт руханиятының айнасы



Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні, 2013 жылдан бері кәсіби мереке ретінде аталып келеді. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің қатысуымен мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шара өтті.



Адамзат өркениетінің ең асыл қазынасы руханият болса, сол руханияттың өзегі – мәдениет пен өнер. Өнері өркендеген елдің рухы биік, мәдениеті дамыған халықтың мерейі үстем болмақ. Сондықтан қазақ халқы ежелден өнерді ұлттың жаны, мәдениетті елдіктің айнасы деп таныған. Сонау сайын далада қоңыр домбыраның үнімен тербеліп, жырмен суындап өскен халқымыз рухани құндылықты қашанда жоғары қойған.

Қазақтың бар болмысы мен тағдыры, қуанышы мен қайғысы, арман-мұраты мен даналығы өнер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Күмбірлеген күй мен жүрек тербер ән, тағылымды терме мен қасиетті жыр – ұлт руханиятының мәңгілік мұрасы. Сондықтан мәдениет – тек өнер ордаларының ғана емес, тұтас халықтың рухани келбеті.

Асыл мұраны ұлықтап, руханияттың шырағын жағып жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі ерекше құрметке лайық. Олар – ұлттық өнердің адал қызметі – мәдениет саласы мамандарының күнделікті еңбегі.

Рухани кешке мәдениет саласының ардагерлері, өнер майталмандары мен сала қызметкерлері қатысып, ұлттық өнердің қадір-қасиеті кеңінен дәріптелді. Мерекелік шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов мәдениет және өнер саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ ол мәдениет пен өнердің қоғамдағы орнын, руханияттың ұлт болашағындағы маңызын ерекше атап өтті.

– Мәдениет – ұлттың рухани тірегі. Өнер мен мәдениет халқи кезде де халықтың жан дүниесін байытып, елдің рухын көтеретін ұлы күш болып қала береді. Қазақ халқы өзінің салт-дәстүрін, ұлттық өнерін, рухани құндылықтарын ғасырлар бойы көзді қарашындай сақтап келеді. Домбыраның күмбірі мен бабалардың тағылымды сөзі – ұлт руханиятының алтын арқауы. Бүгінде мемлекет тарапынан мәдениет саласына ерекше қолдау көрсетілуде. Бұл – руханиятқа деген құрметтің белгісі. Себебі мәдениеті мықты елдің іргесі де берік болады. Ұлттық өнерімізді ұлықтау арқылы біз ескең ұрпақтың бойына рухани тәрбие сіңіреміз. Сіздер – халықтың рухани өмірін байытып, ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына жеткізіп жүрген абыройлы жансыздар. Сахна сыртындағы өлшеусіз еңбек пен шығармашылық ізденістеріңіз қашанда құрметке лайық. Мәдениет пен өнер жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді Ғани Сүлейменов.

Сонымен қатар ол Мемлекет басшысы мәдениет пен руханият мәселесіне әрдайым айрықша назар аударып келе жатқанын атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы руханияттың ұлт үшін маңызын әрдайым айтып келеді. Руханият – елді біріктіретін, ұлттың болмысын сақтайтын басты құндылық. Сондықтан мәдениет саласына қолдау көрсету – болашаққа жасалған инвестиция, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Салтанатты шарада аудандың рухани-мәдени дамуына үлес қосып жүрген бірқатар сала қызметкері мен ардагерлер марапат төрінен көрінді. Облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хаттары табысталып, мәдениет саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен азаматтарға салалық кәсіподақтың «Еңбек даңқы» төсбелгісі берілді.

«Еңбек түбі – береке» дейді дана халқымыз. Ғани Кенжеғараұлы айтқандай, мәдениет саласында еңбек етіп жүрген жандардың жұмысы қашанда құрметке лайық. Себебі олардың олардың еңбегі – халықтың рухани байлығын арттыруға бағытталған өлшеусіз қызмет.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Сахна төрінде күмбірлеген күй төгіліп, әуеленген ән шырқалды. Жергілікті өнерпаздардың орындауындағы халық әндері мен дәстүрлі шығармалар көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе ұлттық нақыштағы күйлер мен тағылымды термелер кештің мазмұнын арттыра түсті. Қасиетті қара домбыраның үнінен қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихы мен тағдыры, қуанышы мен мұңы сезілгендей болды. «Күй – халықтың рухани шежіресі» деген сөздің мәнін терең ұғындық.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер деңең» деп бекер айтпаған. Қазақ халқының бүкіл ғұмыры өнермен өріліп жатыр. Өнер – халықтың жүрегіне жол табатын құдіретті күш.

Бүгінде елімізде мәдениет саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аудандарда бой көтерген «Руханият» орталықтары ұлттық құндылықтарды дәріптеп, халықтың рухани сұранысын қанағаттандыруда. Бұл – мәдениетке көрсетілген зор қамқорлықтың айқын көрінісі.

Мұндай рухани орталықтарда кітапхана, мұражай, жастар орталығы, ардагерлер кеңесі мен аналар ұйымдарының қатар жұмыс жасауы ел бірлігін нығайтып, ұлттық тәрбиені дәріптеуге жол ашып отыр.

Қазіргі таңда жастардың ұлттық өнерге деген қызығушылығы артып келеді. Домбыра үйреніп, дәстүрлі әнге бет бұрған жас буын – ел болашағының жарқын келілі. Өйткені ұлттық өнерін ұлықтаған ұрпақтың рухы биік болады.

«Өнерлі өрге жүзер» дейді халқымыз. Расында өнер – адамды ізгілікке, сулулыққа тәрбиелейтін ұлы мектеп. Өн тыңдап рухтанған, күй тыңдап жігерленген, театр көріп тағылым алған адамның рухани өлемі кемелдене түседі. Сондықтан мәдениет пен өнер – қоғамның ең маңызды саласының бірі. Бұл салада еңбек ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сахна сыртындағы тынымсыз еңбек, шығармашылық ізденіс пен халыққа деген адал қызмет – мәдениет майталмандарының басты қасиеті.

Қорыта айтқанда, мәдениет – ұлттың рухани келбеті, ал өнер – халықтың жүрек үні. Ұлттық мәдениетімізді дамыту үшін мәдениет қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Себебі олар руханияттың шырағын жағып, ұлттың асыл мұрасын келешек ұрпаққа аманаттап келеді. Мәдениетіміз мәңгі жасасын! Өнеріміз өрлей берсін! Ұлт руханиятының шамшырағы ешқашан сөнбесін!

Ләззат Қазмағанбетова

## Маман мерейі

# Сахна саңлағы Сандуғаш

Соңғы жылдары Жаңаталап ауылындағы мәдениет үйі жанынан құрылған «Асыл әжелер» ансамблі талай белесті бағындырып келеді. Аудандық, облыстық, республикалық шараларда өнер көрсетіп қана қоймай, халықаралық байқауларда топ жарып жүр. Бұл туралы бүгінге дейін газет бетінде бірнеше мәрте қалам тербеді. Зейнет жасына келсе де, өнерден қол үзбеген асыл әжелердің ең үлкені бүгінде 80 жасқа таяған. Ұлттық өнерді ұлықтап, ауыл мәдениетінің мерейін үстем етіп жүрген ансамбль жетістігінде мәдениет үйінің басшысы Сандуғаш Талқанбаеваның өзіндік қолтаңбасы бар. Ол – кәсіпорын басшысы ғана емес, ауыл өнерпаздарын бір арнаға тоғыстырып жүрген өнерлі жан.

Кейіпкерімізбен арнайы тілдесу үшін өткен аптада Жаңаталап ауылына арнайы аялдадық. Әріптесіміз екеміз жол бойы ауылда атқарылған жұмыстарды саралап, көне ғимаратта қажырлы еңбек етіп жатқан мәдениет үйі қызметкерлерінің жетістігін жіпке тіздік. Шыны керек, ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігін әуелі ауыл әкімінен, одан кейін Сандуғаш Тұрсынғалиқызынан естіп жүрміз. Ол ауылда қандайда бір жақсы жаңалық орын алса, «біздің ауыл тұрғындары осындай кәсіп бастап жатыр, мәдениет үйі өнерпаздары жетістікпен оралды» деп сүйінші сұрап, оның газет бетінде жарық көруіне өз үлесін қосып келеді. Осыдан-ақ кейіпкеріміздің жергілікті халықтың жетістігіне шынайы қуанып, ел ішіндегі игі істердің насихатталуына жанашырлықпен қарайтынын аңғардық.

Ол өнер саласына бала күнінен жақын болып өскен. Әкесі Тұрсынғали көкеміз – кезінде бірнеше аспапта ойнап, әсіресе қазақтың қара домбырасын жетік меңгерген жан. Әкесінің жанында жүріп, ұлттық әндерді тыңдап, қазақы өнерді бойына сіңіріп өскен кейіпкеріміздің де өнер адамы болуы заңдылық деп білеміз.

Ол алғаш рет мектеп қабырғасында Ұлыстың ұлы күні Әзі Наурыз мерекесіне арналған шарада үнді биін билеп, көпшіліктің қошеметіне бөленген. Содан бастап ауылда өтетін мәдени шараларға белсене қатысып, ерекше дауысымен, әр ұлттың биін нақышына келтіріп орындап шығуымен ерекше көзге түскен. Уақыт өте келе оның өнерге деген қызығушылығы артқан. Мектепті тәмамдаған соң болашағын өнермен байланыстыруды мақсат еткен өнер майталманы Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық колледжінде би өнері бойынша білім алған.

– Колледжді аяқтаған соң халық би ансамблінің әртісі біліктілігін иелендім. Бұл салаға алғашқы қадамды туған жерім Бұқарбай батыр ауылындағы мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып бастадым. Кейін еңбек жолымды Жаңаталап ауылының азаматына тұрмысқа шығуыма байланысты осындағы мәдениет үйінде клуб меңгерушісі болып жалғастырдым. Ал 2014 жылдан бері кәсіпорын басшысы қызметін атқарып келемін, – дейді Сандуғаш Тұрсынғалиқызы.

Кейіпкеріміз мұнда тек басшылық қызметпен шектеліп жүрген жоқ. Ол – ауыл жастарының бойындағы талантты танып, өнерге баулып жүрген білікті тәлімгер. Оның жетекшілігімен тәрбиеленген көптеген шәкірті аудандық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық байқауларда топ жарып, ауыл абыройын асқақтатып келеді. Аядай ғана қаққан дарынды жастың бірі бүгінде Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті атанса, енді бірі Қызылорда облысында жеке студия ашып, өнер жолын жалғастыруда.

Білікті маманның жетекшілігімен ауылдық мәдениет үйі жанынан 2017 жылы «Асыл әжелер» ансамблі құрылған. Алтынқұрсақты батыр аналардан құрылған өнер ұжымы ауыл аудан халқына мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрімізді насихаттап, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап келеді. Олар жақында ғана Алматы қаласында өткен V халықаралық «ZHANA ESIIM» шығармашылық фестиваліне қатысып, нәтижесінде жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін I дәрежелі диплом иеленіп, Грузия мемлекетінің Батуми қаласының сахнасында өнер көрсетуге мүмкіндік алған болатын.



Ауыл аудан орталығынан шалғай орналасқан. Оның үстіне мұндағы мәдениет үйінің бүгінгі жай-күйі де көңіл көншітпейді. Соған қарамастан кейіпкеріміз бастаған сала қызметкерлері ауыл балаларын өнерден алшақтатпай, олардың үйірімеге тұрақты қатысуына бар жағдайды жасап келеді.

С.Тұрсынғалиқызы маман тапшылығына байланысты мерекелік шараларда бірнеше міндетті қатар атқаратынын айтады. Кейде шара жүргізуші болса, енді бірде өн айтып, би билеп, қойылымда түрлі кейіпкердің образын сомдайды.

– Өнер адамы болған соң үнемі ізденіс үстінде жүрміз. Жаңашылдыққа жанымыз құмар. Әр мерекелік шараны ерекше өткізуге тырысамыз. Тіпті үй шаруасымен айналысып жүрсем де, ойымда шараның мақсаты жүреді. Сондықтан қолымнан қойындөптерімді тастамай, кез келген сәтте ойыма келген тың идеяларды тұртіп алып жүруді өдетке айналдырғанмын, – дейді ол.

Мұндағы мәдениет үйі тек мерекелік шара өткізумен шектелмейді. Талай талантты қанатын қатайтқан қарашаңырақ бүгінде ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын рухани ордаға айналған. Кейіпкеріміз ауылдағы қаралайым еңбек адамдарының өмір жолын жастарға насихаттауды дәстүрге айналдырған. Оның бастамасымен «Ерлерге еңбек еткен батыр ана», «Еңбек адамы – ел мақтанышы» сынды тағылымды мол кездесулер жиі ұйымдастырылып келеді.

Саналы ғұмырын өнерге сарп еткен білікті маманның мәдениеттің дамуына қосқан үлесі зор. Тынымсыз еңбек пен шығармашылық ізденістің арқасында оның саладағы еңбегі жоғары бағалануда. Мәселен күні кеше Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында өткен мерекелік шарада ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы алғыс хатын иеленді.

Сезім НҰР

Бибасия ДҮЙСЕНБИЕВА,  
аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы:

## Салада қалыптасқан серпінді әріптестерімнің еңбегімен байланыстырамын

Ауданда соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі – мәдениет. Жалпы салада жергілікті өнерпаздардың жеткен жетістігі аз емес. Бірақ оның түбінде үлкен еңбек, үздіксіз ізденіс жатқанын бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Бір жағынан мемлекеттік қолдаудың да қалыптасқан серпінде өзіндік орны барын жақсы білеміз. Бұл сөзімізді соңғы жылдары ел игілігіне берілген «Руханият» орталығы, мәдениет үйлері қуаттайды. Ал салада басқа қандай өзгерістер барын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибасия Дүйсенбиева кеңінен тарқатты.

– Бибасия Аманжолқызы, жалпы ауданда қанша мәдениет ұйымы бар? Олардың жастардың бойындағы талаптың шындауда рөлі қандай? Алдымен осы сауалдардың түйінін тарқатсақ...

– Жалағаш ауданында 17 мәдениет ұйымы жұмыс жасайды. Мәдениет және өнерді дамыту орталығы, 1 аудандық, 6 ауылдық мәдениет үйі мен 9 ауылдық клуб, 4 халықтық ұжым, №1 және №2 жылжымалы мәдени-демалыс кешені халыққа қызмет көрсетеді.

Былтыр жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталығы пайдалануға беріліп, ғимаратты күтіп ұстау үшін 10 шаттағы бірлік бөлінді. Халық игілігін көріп отырған «Руханият» орталығы тарих пен мәдениетті біріктірген, жаңа идеялар мен шығармашылық ақпараттық диалог орнатылатын креативті алаңға айналды. Мұнан бөлек 2024 жылы күрделі жөндеу жұмыстарынан кейін жамауамау иіпке енген Таң ауылдық мәдениет үйінде тұрақты түрде түрлі форматта шаралар өткізіліп келеді. Сонымен қатар саланың материалдық-техникалық базасы ұйымдастыру техникаларымен, концерттік костюмдермен толықтырылды.

Былтыр балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған үйірмелермен қамту бағытында 108 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс жасап, оған тартылған өнерпаздар саны 1195-ке артты. Оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын 79 үйірме бар. Бұл үйірмелерде 842 бала бар.

– Жалпы, қаншама үйірме барын білдік, қазір олардың жұмысы қалай, яғни өз нәтижесін беріп жатыр ма? Ондағы балалардың қандай жетістігі бар?

– Көркемөнерпаздар үйірме мүшелері 4 халықаралық, 12 республикалық, 79 облыстық, 20 аудандық байқауға қатысып, жүлделі орын иеленді. Атап айтсақ, Алматы қаласында «JAS JULDYZ PRODUCTION» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жас Жұлдыз» халықаралық балалар мен жасөспірімдер байқауында Аққум ауылдық клубының үйірме қатысушылары 3 жәрн бойынша қатысып, бас жүлде, Алматы қаласының өкімдігі ұйымдастырған «Бозторғай» балалар шығармашылығының XXVII халықаралық байқауында мәдениет және өнерді дамыту орталығының «Элеганс» би үйірмесінің мүшелері 3 орын, Жаңаталап ауылдық клубы жанынан құрылған «Асыл әжеп» ансамблі Ақтау қаласында өткен халықаралық «Жаңа есім» фестивалінде өнер көрсетіп, Қырғызстан республикасында өтетін халықаралық «Жаңа есім» фестивалінде жолдама алып, өнер көрсетіп қайтты.

Был жыл басынан бері балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған үйірмелермен қамту бағытында 109 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс жасап келеді. Оған тартылған өнерпаздар саны 1200-ге артты. Оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысатын 81 үйірме бар. Оған 867 бала қамтылды. Қатысушылар биыл 4 айда 1 халықаралық, 8 республикалық, 14 облыстық, 4 аудандық байқауға қатысып, жүлделі орын иеленді.

– Осыған дейін «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасына сәйкес қандай іс-шаралар ұйымдастырылды?

– Былтыр «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасына сәйкес ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиемен қамтуға бағытталған түрлі форматтағы 1866 іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық байқаулар, фестивалдер, көрмелер, сұхбаттар, акциялар өтті. Оған 159 725 көрермен тартылды.

Был «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасына сәйкес ұлттық

мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиемен қамтуға бағытталған түрлі форматтағы 527 іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде театр қойылымдары, шығармашылық байқаулар, фестивалдер, көрмелер, сұхбаттар, акциялар бар. Оған 47059 көрермен қамтылды.

Жыл басынан бері «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің аудан тұрғындарына арналған жаңа бағыттағы «Біздің концерт» атты шығармашылық кеші, Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының студенті, халықаралық, республикалық дәстүрлі әншілер байқауларының жүлдегері Д.Аңсағанмен кездесу кеші, «Нәзікжанды агроном» атты облысқа танымал бас агроном, туған жеріміздің мақтанышы «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері Ханбиді Дуланқызымен кездесу кеші, жас ақын Дидар Әмірзақтың «Ақ бұлттарды алақанға қондырып» атты жыр кітабының тұсауына ресми, қазақ поэзиясының заңға тұлғасы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына орай «Соғарды жүрек...» атты әдеби-сазды кеші, халықаралық әйелдер күніне орай «Руханият» орталығында аудан өкімдігі қарылдауы, Қ.Қазанғазев атындағы мәдениет үйінде концерттік бағдарламалар өткізілді.

Сонымен қатар биыл Наурыз мерекесі кең көлемде аталып өтті. «Наурызнама» оқуының алғашқы күні орталық алаңда аудан өкімдігінің қатысуымен «Амал» мерекесіне арналған «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен қауышу» атты театрландырылған қойылым, мерекелік концерт өткізілді. Іс-шара аясында колерн шеберлерінің көрмесі, наурыз көже мен ыстық бауырсақтар әзірленіп, тұрғындарға таратылды. Жастар арасында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды. Қайырымдылық күні қарсаңында «Наурыз шапағаты» атты қайырымдылық акциясына аудан тұрғындары, кәсіпкерлер мен еріктілер тартылып, тұрмысы төмен отбасылар және көпбалалы, жалғызбасты аналарға азық-түлік үлесірілді. Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні Жалағаш көнітінің орталығында ауылдық мәдениет үйлері мен клубтарының қатысуымен «Кәне дәуір күмбезі» атты III дәстүрлі ұлттық өнер фестивалі ұйымдастырылды. Шаңырақ күні «Руханият» орталығында бірлігі мен берекесі жарасқан, көпке ұлгі болып отырған «Алтын той» иелеріне құрмет көрсетілді. «Руханият» орталығында ардагерлер арасында «Баталы елге бақ қонар» атты аудандық бата беру байқауы өтті. Ұлттық киім күні «Әсем қадам» атты қазақ халқының ұлттық, сәндік киімдерін көрсетуден аудандық фестиваль ұйымдастырылды. Ал жанару күні «Наурыз – жанару» атты Жалағаш көнітінде және ауылдық елді мекендерде көркейту-кегәлдандіру жұмыстары, орталық стадионда аудан өкімі және зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен тал егу акциясы ұйымдастырылды.

– Жалпы биыл 4 айда жергілікті өнерпаздар салада қандай жетістікке жетті?

– Қазір оның бәрін тізе берсек, айтарлықтай жетістігіміз бар. Мен оның бәрін әріптестерімнің тыңғылықты дайындығымен, үздіксіз ізденісімен байланыстырамын. Биыл Жаңаталап ауылдық клубының жанынан құрылған «Асыл аналар» ансамблі Алматы қаласында өткен 5 халықаралық «Жаңа есім» өнер фестивалінде I дәрежелі дипломмен марапатталды. Соның нәтижесінде Грузияға жолдама алды. XXVIII облыстық «Бозторғай» байқауында би жанры бойынша мәдениет үйі жанындағы «Алтын-арай» би ансамблі бас жүлде иеленсе, балалар және жасөспірімдер арасында өткен «SILK WAY CREATIVE GAMES» XVII ұлттық жастар дельфий ойындарының аймақтық іріктеу кезеңінде «Алтын-арай» би ансамблі алтын медаль иеленді. Нәтижесінде Қырғызстан еліне өтетін халықаралық байқауға жолдама алды. Биыл 4 айда басқа да сайыстарда көптеген өнерпаз топ жарды.



– Жалпы былтыр саланы қандай жетістікпен қорытындыладыңыз?

Былтыр «Алтын-Арай», «Қызғалдақтар» халық ән-би және «Классика» камералық ансамбльдерінің есепті концерттері, Халық театрының жаңа қойылымдары, Наурыз мейрамына орай «Наурызнама» оқуында, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Партизан Тұрғанбике» II акті драмасы көрермен назарына ұсынылды. Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай Қызылорда қаласында Жалағаш ауданының мәдениеті мен өнер күні, 25 қазан Республика күні және «Алтын күз – 2025» мерекелік шарасы жоғары деңгейде аталып өтті.

Сонымен қатар облыстық деңгейде «Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай облыстық жас жазба ақындар мүшәйрасы, Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Нұржанұлының 100 жылдығына арналған «Ерлігі – елге мұра, ұрпаққа ұран» атты облыстық патриоттық ән байқауы, мәдениет және өнер саласы ардагерлері арасында «Ардагерлер өуені» атты облыстық өнер фестивалі, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Жүректе жеткен Абай өуендері» атты Абай әндерін орындаудан ардагерлер арасында облыстық ән байқауы ұйымдастырылды. Сонымен қатар сатирик, ақын Асқар Тоқмағамбетовтың 120 жылдығына арналған «Халқы сүйген қаламгер» атты облыстық мысал айтушылар байқауы, Қазақ АКСР-інің алғашқы Астанасы болғанына 100 жыл толуы аясында балалар шығармашылығына арналған «KYZYLORDA MUSICAL» дрына үйірмелерінің облыстық байқауы жоғары деңгейде өтті.

Креативті индустрияны дамыту мақсатында құрылған «Тұмарша» креатив орталығы жыл көлемінде ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Атап айтсақ, «Creative Saga» облыстық көшпелі креатив көрмесі және ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Шайгозова Жанерке Наурызбайқызының Жалағаш ауданына арнайы іс-сапары аясында Аққыр және Жаңаталап ауылының әжелерінің қатысуымен «Руханият» орталығында күй басу технологиясының бейнетүсірілімі ұйымдастырылды.

– Жаңа өз басында өзінің айтулы кеткен «Руханият» орталығы бүйінде халықтың жақетіне жарал тұр. Ең шалты орналасқан аудандық кітапханаға да қазір сол нысанның ішінен орны берілді. Жалпы халықтың кітап оқуға баулу мақсатында қандай жұмыстар жүрде?

– Қазір аудандық кітапхананың кітап қоры 378 489 дананы құрайды. Оның ішінде 235 565-і – мемлекеттік тілдегі еңбектер. Бүгінде аудандық кітапхананың оқырмандар саны 18 950-ге жетті. Кітап берілімі – 356 300, келушілер саны – 154 102. Аудан кітапханаларында кітап басылымдарын цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Оқырмандар Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электрондық каталогына, «kazneb.kz» мобилді қосымшасына қол жеткізуде. Аудандық кітапхана

қорындағы 917 дана жергілікті ақын-жазушылардың кітаптары мен 2488 дана жергілікті мерзімді басылымның электрондық көшірмелерін санды форматқа көшіріп, бүгінде 1 650 оқырманның пайдалануына мүмкіндік берілді. Кітапхана қоры 2403 жаңа әдебиеттермен толықты.

Кітапханалар жүйесі бойынша РАБИС бағдарламасына 131 575 дана кітап және 7485 мақала электронды каталогқа енгізілген. Былтыр электронды каталог пайдаланушылар 4 мыңға жетті.

Кітапхана ісіне келсек, биыл 407 мәдени-көпшілік шара өткізіліп, оған 9962 оқырман қамтылды. Кітап қоры қазіргі таңда 378 566 дананы құрайды.

Аудан кітапханаларында кітап басылымдарын цифрлық форматқа көшіру жұмыстары өлі де жалғасуда. Аудандық кітапхана қорындағы 917 дана жергілікті ақын-жазушылардың кітаптары мен 2512 дана жергілікті мерзімді басылымның электрондық көшірмелерін санды форматқа көшіріп, бүгінде 510 оқырманның пайдалануына мүмкіндік берілді.

Сондай-ақ оқырманның цифрлық кітапханаларға тегін қол жеткізуді қамтамасыз ету бағытында «Руханият» орталығында электронды залдың мүмкіндігі жоғары. Оқырмандар Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электрондық каталогына, «kazneb.kz» мобилді қосымшасын да тиімді пайдаланады. Қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында аудандық кітапхана түнгі мезгілде де жұмыс жасасуда.

– Жалпы ауданда қанша тарихи-мәдени нысан бар?

– Жалағаш ауданы бойынша 58 тарихи-мәдени нысан бар. Оның ішінде республикалық маңызы бар 1, жергілікті маңызы бар 54 ескерткіш бар, алдын ала 3-еуі еске алынаын. Қазіргі таңда 54 ескерткіштің жер құқығын растайтын құжаттары ресімделген.

Облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның қорытындысымен 2026 жылы жаңадан 3 ескерткіш қосылды. Қазіргі таңда аталған 3 ескерткіш бойынша құжаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Тарқатып айтсақ, Аққыр елді мекенінде «Байбақты» мұнарасы, «Еш-мұхаммед молда» мешіті, Қарақеткен елді мекенінде «Шәмілі» мұнарасы қосылған.

– Жалпы, мемлекеттік тілдің қолданысын әлі де кеңейтуде қандай жұмыстар жүрде?

– Мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттарының үлесі 100 пайызды құрап отыр. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 21-бап талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан бері 12 кәсіпкерлік субъектісіне (дүкендер, жарнама агенттігі, мейрамхана, сан салондары, т.б.) мониторинг жұмыстары жүргізілді. Аудандағы шағын және орта бизнес өкілдеріне көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау және реттеу мақсатында whatsapp, телеграмм әлеуметтік желілері арқылы әдістемелік көмек көрсету ұсынылған.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Түнгі рейд жұмыстары жүргізілді

«Заң мен тәртіп» қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық мәдениетті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында аудан орталығында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға аудан әкімдігі, полиция бөлімі, білім беру ұйымдары, ата-аналар қауымы және жастар ресурстық орталығының мамандары қатысты.

Шараның мақсаты көмелетке толмаған жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта жүруін болдырмау, қылмыс пен құқық бұзушылыққа жол бермеу, жасөспірімдердің құқықтарының бұзылуына қадағалау болып табылады. Рейдтік шара жастар мен жасөспірімдердің жиналатын орындарында және компьютерлік клубтарда жүргізілді.

Айта кетейік, елімізде заң бойынша көмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22:00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында болуға және 23:00-ден кейін кешеді ата-анасыз жүруге тыйым салынған.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылордские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана. Облыстық «Қызылордские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5132 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылордские вести» газеттерінің сырбойи@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhalagash-zhargshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге Stories – 8000 теңге TikTok: Video – 10000 теңге Stories – 8000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

### Бақұл бол әріптесті!

2026 жылы 19 мамырда өз ісіне адал жүрегі мейірімге толы әріптесіміз, Жалағаш аудандық экономика және қаржы бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі Ильясова Зухра Жайылханқызы дүниеден өтті. Ардақты әріптесіміз ұжымда ерекше құрметке ие болды. Оның жарқын бейнесі, адамгершілігі мен еңбекқорлығы әріптестерінің жадында мәңгі сақталған.

Ильясова Зухра Жайылханқызы 1965 жылы 12 қыркүйекте Жалағаш ауданы Мәдениет кентінің дүниеге келген. Еңбек жолын 1983 жылы қыркүйекте Жалағаш аудандық мұнай базасында оператор болып бастаған. 2004-2006 жылдары Жалағаш автостанциясында есепші болып абыройлы еңбек етті.

Білікті маман 2006-2009 жылдары аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде есепші болып жұмыс жасады. 2009-2015 жылдары аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман қызметін абыроймен атқарды. Ал 2015-2023 жылдары аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі болып қызмет етті. 2023 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық экономика және қаржы бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Ардақты ана отбасында жолдасы екеуі 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді.

Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі, білікті маман ардақты әріптесіміз Ильясова Зухра Жайылханқызының мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмын жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің ұжымы



### 2026 жылы II-тоқсанда Еңбек ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Балханов Бақытберген Мархабаевич	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ.10.00-ден 12.00-ге дейін	Еңбек ауылы Төлеген Дауытбаев көшесі №4	33-1-22

Сұхбат

Дастан ҚҰРМАНБАЕВ, Қызылорда облысының бас имамы:

# ҚҰРБАН АЙТ ТЕК ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Биыл барша мұсылман қауымы асыға күтетін Құрбан айт мерекесі 27 мамырда басталады. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті, мейірімділікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы да осында жатыр. Қасиетті мейрамның қарсаңында Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаевқа жолығып, көкейдегі біраз сауалдарымызды қойған едік.

– Дастан Жанасұлы, Құрбан айт мұсылман қауымына не үшін уәжіп, яғни міндет болды? Құрбан шалудың мәні мен маңызы қандай? Алғашқы сауалымызды осыдан бастасқақ...

– Бисмилләһир-рахманир-рахим! Әуелі «уәжіп» сөзінің мағынасына тоқталып өтсем. Өзіңіз айтқандай, қазақша баламасы – міндет. Діни тұрғыдан алғанда «парыз» дегенді білдіреді. Ханафи мәзһабында парыз бен уәжіп амал, яғни практикалық тұрғыдан бір мағынада қолданыла береді. Ал Құрбан айттың қиссасы барімізге белгілі. Ибраһим пайғамбар (Оған Алланың сәлемі болсын) мен оның баласы Исмаилдің арасында болған үлкен оқиға. Алла Тағала бұл пайғамбарды сынағысы келіп, оған тұс көрсетеді. Пайғамбар түсінде баласын құрбандыққа шалып жатқанын көреді. Оған бірінші күні мен бермейді. Негізінде, пайғамбарлардың түсі аян – уахимен тең. Оның бір түрі түспен келеді. Пайғамбарлардан басқа ешбір адамға уахи түспейді. Оны бекерден-бекер көрмейді. Ибраһим пайғамбар (Оған Алланың сәлемі болсын) түсінің Алладан екенін біліп тұрса да, мән бермеуге тырысады. Не дегенмен туған баласы ғой. Исмаилдың құрбандыққа шалынып жатқанын екінші күні тағы көреді. Пайғамбар осыдан кейін түсінің уахи екенін білді дейді. «Білді» деген сөз араб тілінде «арафа» деп айтылады. Құрбан айттың алдындағы күнді «Арапа» күні дейміз. Кейбір тәсірп қалымдары бұл күнді осы оқиғадан кейін солай аталған деп айтады. Екінші күні түсінің Алладан екенін көзі жеткен соң үшінші күні оны жүзеге асыруға тырысады. Баласын құрбандыққа шалуға апарған кезде Алла Тағала оны сынағанын білдіріп, көктен көк қошқар түсіреді. «Осы қошқарды құрбандыққа шал. Осыдан кейін сенің милләтіңе осы жол қалады» деп құрбандық осыдан басталады.

Біз «Ибраһимнің милләтіңе» деіміз. Мұхаммедтің үмбетінің бізміз. Қырық парызда «Кімнің милләтіңе сің?» деген сұрақ келеді. Осы жерде «милләт» деген Ибраһимнен басталған жол дегенді білдіреді. Бұл – ұзақ әрі мөлшерл қисса. Мен сізге құрбандықтың тарихын түсіндіру үшін қысқаша айтып отырмын.

Енді «Құрбан шалу кімдерге міндет?» дегенге келсек... Құрбан шалатын күні өзінің күнделікті ішіп-жеу, басқа да қажеттілігінен бөлек, нисап мөлшеріне жететін немесе одан асатын артық қаражаты бар адамға парыз. Нисап мөлшері 85 грамм алтынды құрайды. Теңгеге шаққанда 4 млн теңгенің ол жақ, бұл жағы. Осындай артық қаражаты бар адамға міндет болады. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген.

Мұны не үшін айтып отырмыз? Мәселен, Исламның 5 парызы бар. Оның бізге бәрі бірдей парыз емес. Намаз бен ораза – бәріне парыз. Бірақ соның ішінде қажылық пен зекетті алайық. Ол мал-дүниесі жететін адамға ғана парыз. Сол сияқты, құрбан шалудың да, Рамазан айында пітір-садақа берудің де дәл осындай шарттары бар. Қолында барыда, жоғы да құрбан шалың пітір берсін деген шарт жоқ. Демек, бұдан шығатын тұжырым: Алла Тағала біреуге артық мал-мүлік берсе, артық құлшылық пен фибадат жүктейді екен. Өйткені оның мал-дүниесі – оны азғырудың тағы бір жолы. Бізді шайтан, нәпсіміз азғырады. Ал нәпсіміз қоздыратын фактор – мал-дүние. Кейбір үлкендеріміз «артық мал бітсе, есіріп кетеді» деп айтып жатады ғой. Сөйтіп «есіріп», күңғаға, харамға, ысыраққа бет бұрады. Сондай болмаса үшін оған тағы бір құлшылықтарды мойнына іліп қояды. Алла Тағала сол үшін де Құрбан айт күні құрбан шалуды өзінің дәулет берген құлдарына міндет етті. Оның артында Алланы еске алу, мал-дүниесінің бір бөлігінің Жаратқанның жолында қию, шалынған малдың етін айналасындағы мұқтаждарға таратып, оларға қол үшін беру, солардың жағдайын түсінуді секілді хикметтер бар.

Егер жағдайы жетіп тұрып құрбан шалмаса, ол міндетті біліп тұрып орындамаса, Мұхаммед пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын» деп айтқан. Қажылыққа барғандар біледі. Медина қаласындағы «Пайғамбар мешітінің» жанындағы алаңды Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде «Мусалла», яғни айт намазын оқитын алаң етіп белгілеген. Осы жерге келмесін дейді. «Сен Алланың жолында малыңды қиып, парыздың орындай алмай жүрсен, онда біздің арамызға, ортамызға қосылма, үмбетіміз болуға лайық емессің»

деген ауыр ескерту айтқан. Осыдан ақ Құрбан айттың маңызын көруге болады. Алла Тағала бекерден-бекер ешкімге ештеңе бұйырмайды. Ештеңені бекерге жаратпайды. Сондықтан әр парыз бен міндеттің астарында осындай үлкен мән мен маңыз жатыр.

– Құрбан шалуда бастысы ниет екенін білеміз. Онда неге ақауы бар малды, яғни тістері түгел емес, ақсақ, соқыр немесе тым арық малды шалуға рұқсат етілмейді?

– Біріншіден, құлшылық мәселелері «тауқифи» деп аталады. «Тауқифи» деген сөз «тоқтау» деген сөзден шығады, яғни парыз, уәжіп етілген нәрселерді Алла Тағала көрсеткендей етіп орындайсың. Артық не кемі жоқ, дәл сол жерден тоқтайсың. Оған біреу келіп «Мына жерін былай қылсақ, әдемірек болып кетер еді» деп айта алмайды және айтуға да болмайды. Мысалға намазды алсақ, «Қазір адамдар бұрынғыдай тақуа емес. Сондықтан имандарын күшейту үшін тағы екі уақыт қосып, бес уақыт емес, жеті уақыт қылсақ, керемет болар еді» деп ешкім ойынан ештеңе алып-қоса алмайды. Тек Алла Тағала айтқан жерде тоқтайды. Біз кейбір нәрселердің мәнін білмесек те оған тоқтаймыз. «Неге намаз бес уақыт? Неге шам намазы күн батқаннан кейін қараңғы түскенше, неге басқа уақыт емес?» деген нәрселерді түсіне алмаймыз мүмкін. Бірақ Алла Тағала солай болуын қалады. Біздің солай жасауымызда жақсылық пен пайда бар. Сол секілді, құрбандық шалған кезде де Алла Тағала «Малдың төрт түрінен ғана, атап айтқанда түйе, сиыр, қой, ешкіден қабыл етеміз» деді. Осы малдың төрт түрінің жас ерекшеліктеріне, жағдайларына байланысты өзіндік талаптарын қойды. Қандай ақау, кемшілік болмау керектігін қадап көрсетті. Ал «Ең бастысы, ниет қой» деп тауық соя салса немесе «Соқыр болса да, қотыр болса да, ниетін тұзу ғой» деп сол малды апарып құрбандыққа шалып жіберсе, ол ерине, жарамайды. Өйткені Алла Тағала қалағандай орындалп тұрған жоқпыз. Алланың бір бұйрығын орындап, бір бұйрығын тәрк етіп тұрмыз.

Бұл – бір. Екіншіден, біздің шалып жатқан құрбандығымыз – Алла Тағалаға жасап жатқан сый-құрметіміз. Әдетте үйімізге құда-жекжат немесе алыстан сыйлы қоғам келсе, мал соямыз. Бір кісі болса да бір қойды соя салуымыз мүмкін. Бірақ келген кісінің бір қойды жеп кетпейтіні рас қой. Бес адам шақырсақ та дастарқанды он бес адамға жететіндей етіп молынан жаямыз. Бес адам екі бауырсақтан жейді деп санап, есептеп салмаймыз. Неге? Себебі ол кісілер деген құрметіміз. Келген кезде дастарқанымыздың молың, пейіліміздің кеңін көрсе деп ниет етеміз. Сол сияқты, Алла Тағала да «Малыңның ең жақсысын бер» деген кезде біздің құрбандықты шынайы ықыласпен орындауымызды, сый-құрметті жақсылап көрсетуімізді қалады.

Абыл мен Қабылдың қиссасында «Қабылдың не үшін қабыл етпеді?» дегенде, «Өнімдерің ішіндегі ең шірлеген, бүлінген, солғандарын әкеліп құрбандыққа шалды. Сол үшін Алла Тағала оған риза болмады» дейді. Қасиетті Құранда: «Шын мәнінде, сендердің шалған құрбандықтарыңның қаны да, еті де Аллаға жетпейді. Шынайы ниет, ықыластарың ғана жетеді» дейді. Расында Алла Тағала сойылған малдың етіне, ештенесіне мұқтаж емес. Керісінше біз мұқтаж адамдарға таратамыз. Дегенмен Алла Тағала сол арқылы ішіміздегі ниет-пейілімізді өзімізге көрсетеді. Ейтпесе Алла біздің ішіміздегі де біледі ғой. «Алла Тағала бәрін біліп тұрса, ішіміздегіні көріп тұрса, неге бізді сыйнайды?» деген сауалға тәсірп қалымдары «Алла Тағала сабырлы адамның басына бір жағдайды тадырмай-ақ оның сабыр ететінін біледі. Десек те, ертен қияметте «мән тақуамын», «шынайы мүмінмін», «әділ болдым» деп бәрі ақталады. «Сен әділсің бе, онда әділдігің сөйке жасаған амалдарың қане?» деген сияқты амалыңды тергеуі, жасаған амалдарыңды көрсетуі – ішіндегі жағдайдың көрсеткіші» деп айтады. Сол үшін біз ниет, ықыласымыздың шынайылығын ең жақсы қылға жасау арқылы көрсетеміз.

– Өмірде түрлі жағдайлар кездеседі. Осы айда жалақың кешігіп жатыр еді, келесі айдың жалақысы түскенше қарызға ала тұрайын» деп құрбандық шалатындар бар. Сол секілді, бөліп төлеу немесе несиені алып құрбан шалуға бола ма? Бұл – шынайы ниет пе, әлде «жұрттан қалмайын» деген мақтаншақтық па?



– Жоғарыда айтқанымдай, құрбандық шалу – жағдайы бар адамға ғана парыз етілген. Шамасы келмейтін адам қарыз алып, бөліп төлеуге немесе несиені рәсімдеп, өзін өбігерге түсіруге болмайды. «Олай жасамаған дұрыс, қарызға батпағаны абзал» деп айтпаймын. Олай құрбан шалуға мүлдем болмайды! Алла Тағала сапарда жүрген адамның өзін құрбан шалудан босатқан. Қараңғышы, мал-дүниесі бар болып тұрса да, оған құрбандық уәжіп болса да, сол құрбандық шалатын 3 күннің ішінде сапарда жүрсе, оның мойнынан ол міндет түсірілген. Себебі адам сапарда бекер жүрмейді. Маңызды жұмыстарымен жүргенде құрбандық қажатпасты, әуреге түспесін дейді. Ал енді қаржысы жоқ адамның құрбан шаламын деп әжігерге түсіп, қарызға батып, басына одан сайын қиындықтар тілеп алуы дұрыс емес. Шарият оны құталамайды. Қарыздан құлағанын шалған жағдайда да «қабыл болмайды» деп айта алмаймыз. Бірақ оның сол іс-әрекетке баруының өзі бұрыс нәрсе. Одан қалды, бүгінгі күні той мәселесінде жағдайы бары да, жоғы да «жұрт ананы жасапты, қойбай мынадай артырып, жүрген жылытуы мүмкін. «Мұсылмандар осындай мейірімді, қайырымды екен. Мен де ұрпағымның осындай болғанын қалаймын. Өзім осы бастан мұсылман болып, оларды осындай жолмен тәрбиелеймін» деген қызығушылығын тудыруы мүмкін. Сондықтан «мұсылман емес адамға беруге болмайды» деген тыйым жоқ.

– Шариғат талаптарына сай шалынбайтын, яғни ауылдан мал алдырып, оны көпқабатты үйлердің аулысында санитарлық нормаларды бұза отырып сою құлшылыққа жата ма? Ондай құрбан қабыл бола ма?

– Құрбандық шалу кезінде ең алдымен шариғат талаптары толығымен орындалуы керек. Шариғат дұрыс деп қабылдайтын құрбандық болса, ол дұрыс болмақ. Сәйкесінде Алланың құзырында да қабыл болады. Сіз айттып отырған санитарлық талаптар да шариғатта бар нәрсе. Дініміз оны да сақтауға кеңес береді. Тіпті «Малдың кезінде пышақты қайрамаңдар, өтпейтін пышақпен соймаңдар» деп мал ешек малдың өзінде де адамгершілік тұрғысынан қарап, кинамауды сұрайды. Бірақ ол кеңестер бұзылса да, құрбандық дұрыс болып есептеледі. Себебі олар негізгі міндетті шартқа жатпайды. Дегенмен санитарлық талаптарды сақтамау ең алдына бөлек күнә болып есептелуі мүмкін. Мәселен, сойған жерін ластан, соның кесірінен ауру тараса, болмаса сол жерде тұратын немесе өтетін тұрғындарға, жұргіншілерге кедергі келтірсе, ыңғайсыздық тудыртып жасау, соны жасаған адамға күнә жазылмай ма? Десек те, құрбандығына, оның қабыл не қабыл болмауына тікелей әсер етпейді деп айта алмаймыз. Сондықтан құрбандық шалған кезде барлық санитарлық нормаларды сақтауға тырысу қажет.

Шариғатымызда «Өзіңе де, өзге де зиян тигізбе» деген қағида бар. Біреулер «Мен құрбан шалып жатырмын» деп ренжү мүмкін. Біздің құлшылығымыз басқаға міндет емес. Сіз айтқанға, көпқабатты үйде тұрсаң, есіктің алдына шығып мал соймайсың ғой. Ол жерде балалар ойнайды, мүгедек, қарт кісілер жүреді. Жалғыз өзін тұрмайсың. Көпшілікке арналған орынды қана

былғау имандылыққа жатпайды. Оның үстіне қазір барлық өңірде арнайы мал сотың, құрбан шалатын орындар белгіленіп, бекітілді. Сондай жерлерге барып шалған абзалырақ.

– Жыл сайын Құрбан айт қарсаңында саудагерлердің бағаны қолдан 2-3 есе өсіріп жіберуі шариғатқа және адамгершілікке қаншалықты сыяды? Бұл жағдайда құрбандық шалудың мәні жоғалмай ма?

– Бағана атап өткенімдей, біреудің құлшылық жасауына көмектесу, фибадатына себеп болу – үлкен сауап. Біздің қоғамда науқан кездерінде пайда көріп қалу бұрыннан бар, айтылып жүрген мәселе. Мысалы, мереке күндері гүл қымбаттайды. Рамазан айында сөк пен талқанның бағасы өседі. Құрбан айт күндері малдың құны шарықтап кетеді. «Осы айт күндері көбірек пайда көріп қалсам екен» деген секілді пайдакүнемдік ісімде жалпы күл көрілмейді. Өйткені Имам Муслимнің «Сахиһ» хадисінде» айтылғандай, бағаны себепсіз күнәһарлар ғана өсіреді. Исламда «берекет» деген нәрсе бар. Оны адамдар көзбен көріп, санмен өлшей алмайды. Ол ешқандай арифметикалық заңдылықтарға бағынбайды. Алла Тағала аз ғана қаражатқа, аз ғана малға берекет берсе, біреулердің миллиондаған байлығынан артық болуы мүмкін. Одан да көп пайдасына жарап, орасатын көреді. Кәсіп иелері «Дәл осы айт күндері көп пайдаға кенелмесем де, мұсылмандарға қолайлы жағдай жасап, құлшылығын жасауға себеп болайын, маған Алла Тағала басқа жағынан берекетін береді» деген сенімде болуы керек. Алланың қазынасы көп, сондықтан ол міндетті түрде басқа жағынан қайтады. Әрине, өзінді шығынға батырып, сондай әрекетке бар деп айтпаймыз. Кейде малды сатып әкелетін жағы қымбаттатып жіберетін жағдайлар да кездеседі. Сосын әкелуші амал жоқ, жолы бар, басқасы бар, бала-шағасының нәпақасы бар, шығынға батпау жағын ойлайды. Сондықтан бағаны қолдан көтермеуге шақырамыз.

– Бірнеше жылдан бері Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban.muftiyat.kz сайтына іске қосыл көледі. Адам өзі бармай, ақшасын аударып, онлайн тапсырыс беру арқылы құрбандық шалуын рұхсат етеді. Оның мәні қандай? Социалға малдың қанын көру, етін өз қолымен тарату міндетті емес пе?

– Өлбетте, мүмкін болса, ер кісілер құрбандық малдарын өздері сойғандары абзал. Мұхаммед пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызы Фатимаға: «Құрбандыққа шалынған малдың әр тамған қаны Алланың құзырындағы биік дәрелерде қабыл болады. Бар да шалып жатқан құрбандығыңды өз кезіңмен көр» деп айтқан. Осыдан-ақ шалған адамның өзінің қатысуы маңызды екенін көреміз. Бұдан бөлек біздің халқымыз «Бәле-жәленің бәрі өсіммен кетсін» деп жатады. Демек, оған қатысудың астарында үлкен хикмет бар деген сөз. Кейбір кісілер «Малды соймай-ақ ақшасын бере салсақ болмай ма?» деп жатады. Ақшасын бере салатын жерлер өте көп. Зекет, пітір садақасы, нәпіл қадақалар бар. Бірақ неге қан ағызып, құрбан шалу арқылы садақа жасауымызды бұйырып тұр? Алла Тағала ешбір нәрсені бекер бұйырмады дедік ғой. Сондықтан соя алса, барып қатысқандары жөн десек те, кейде мемлекеттік мереке, демалыс болғанымен біреу жұмыстан босай алмайып, көзекшілікке түсуі, сапарда жүруі мүмкін.

Сапарда жүрген адамның мойнынан түседі, бірақ союына болмайды деген сөз емес. Сауаптан құр қалмайын деп, ауылында қалған біреуге тапсырып, өзін атынан шалғызыуы мүмкін. Сол секілді, құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban.muftiyat.kz сайты осы мейрамнан екі апта бұрын іске қосылып, жұмысын бастады. Онлайн түрде құрбан шаламын дөушілер осы сайт арқылы тұратын өңірін, құрбандық малын таңдап, қажетті қаражатты аударуға болады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын бір немесе 7 адам бірігіп шалса болады. Айт күні бекітілген өкілдер сол кісінің атынан құранын оқып, батасын беріп, шалады да, оның фото және бейне есебін тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жібереді.

Бұл – халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін жасалған дүние. Кейбір кісілер базарға барып, мал таңдап жүргісі келмейді. Кейбіреулер кезекке уақыт күртқанса, бір күн демалыс оны отбасына арнағысы келеді. Мерекелік шарапарға қатысса дейді. Ығы-жығы жерге бара алмайтын егде жастағы кісілер болады. Міне, осындай адамдарға аталған сайт өте қолайлы. Алаяқтарға алданамын деп уайымдаймайды, есебін түгел көріп отырады.

– Құрбандық шалаған сәтін видеоға немесе суретке түсіріп әлеуметтік желілерге салу, бұл мерекені насихаттау ма, әлде

рия ма? Жалпы, қан шығарып жатқан сәтті көрсету дұрыс па?

– Жалпы, базарда мал таңдап, оны сатып алып жатқан суреттер мерекені насихаттауға жатуы мүмкін. Егер ниеті дұрыс, мақтангерліктен аулақ болса, ерине. Бірақ қан ағызып жатқан сәтті түсіру, оны әлеуметтік желілерге жариялау дұрыс емес. Оны көрген адамның бәрі түсінеді деп айту қиын. Иман келтіргендер бар да, дінге қарсылар бар. Құрбан шалудың мәнін білетіндер бар да, оны жануарларға қатығандықтан деп ұғатындар бар. Олар дұрыс түсіне бергеннен бөлек оны басқа мақсатта пайдалануы, халыққа басқаша жеткізуі мүмкін.

Екіншіден, оны көрсетудегі мақсаты не? Оны әлеуметтік желілерге жаппай тарату заң тұрғысынан да дұрыс емес деп ойлаймын. Кейбір порталдар «зорлық-зомбылық санауға жатады» деп жұктемей де тастайды. Демек, мұның қай жағынан да құл көрілімсізін осыдан-ақ көрініп тұр.

– Қоғамда «Біз айт күндері тек тамақ жей мен қонаққа барумен шектеліп жүрміз. Құрбан айт мал сою арқылы жыл сайын қайталанатын ет жей дәстүріне айналдыр келтіріп» деген пікір бар. Бұған не дейсіз? Айт күндері құрбандық шалудан бөлек тағы қандай істер атқарған абзал?

– Ислам дінде өзі екі-ақ мереке бар. Оның екеуі де айт. «Айт» деген сөздің өзі мейрам, қуаныш, шаттық дегенді білдіреді. Біреуі – Ораза айт, екіншісі – Құрбан айт.

Қарап отырсаңыз, екеуі де құлшылық-фибадатпен басталады. Ораза айт намазы оқылғанша, пітір садақасын бермегендер беруге асығады. Бірінші садақасын беріп, айт намазын оқиды. Ал Құрбан айта бірінші айт намазын оқып, сосын құрбандығын шалады. Осылайша мерекенің екеуі де та азынанмен фибадатпен басталады. Одан кейін барып мерекені тойлау, адамдарға қуаныш сылау, бірін-бірі зиярат ету секілді амалдарға жалғасады. «Бұл күні қыдыру, тамақ жей, қонаққа бару көп, ол дұрыс емес» деп айтуға болмайды. Өйткені бұл күн – мереке. Мерекені тойу үшін ораза ұстауға әдейі сәйін салынды. Екі айтта ораза ұстау – харам, күнғаға жатады. Ол күні адам жайнап-жадырап, күліп жүруі, бір-біріне қонаққа баруы, қуанышы, мерекені сезіне алуы, өзгеге де сездіре білуі керек. Айттың лебің, салтанатың, атмосферасың жасайтын амалдарды қолдау, құптау қажет. Бірақ құр өншейін қуанып, босқа секіріп жүрмеген жөн. Бағанағы айтып таңыммен басталатын құлшылық-фибадаттарды жасаған дұрыс.

Бәріне бірдей пітір садақасын беру, құрбан шалу міндет емес. Дегенмен бәріне бірдей айт намазына бару – міндет. Ораза айт жұмыс күні болғандықтан көбісі босамай қалып жатады. Ал Құрбан айт – мемлекеттік мереке. Арнайы демалыс беріледі. Сондықтан Алла Тағала осындай мүмкіндікті нәсіп етіп тұрғанда, оған неге бармайсың? Неге ел-халықпен жамағатпен бірге дұға етпейсің? Одан кейін қанша күліп-ойнасаң да, қанда қыдырсаң да бәріне рұқсат етіледі. Тек шариғат шеңберінен шықпасаң болғаны.

Құрбан айт тек құрбандық шалумен шектелмейді. Бұл – ағайын туыстың арасын жақындау түсетін күн. Араздақтан адамдар татуласып, өзара кешірім жолын ұстануды. Айт күндері туысқаның басын қосып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты күшейтеңіз абзал. Егер туған-туысың зиярат ете алмай-тұндай алыста болса, телефон шалып, жағдайын біліп, құттықтау, ағайынның арасына жылылық сыйлау – игілікті іс. Екінші – көрші-көлемнің арасындағы жылылық. Оларға да арнайы барып сәлем беру, құрбандық етінің бір бөлігін апару болмаса балаларына «айттық» деп көмпит секілді тәтті тарату – мерекенің сәнін кіргізетін сауапты амалдар.

Құрбан айт – отбасы құндылығын арттыратын мереке. Ата-анамызға, бала-шағамызға сыйлық беріп, оларға арнайы көңіл бөліп, барынша қуанған жөн.

Жасыратыны жоқ, діни мерекелердің насихаты аз. Сол себепті балалар Халпуауынның бетпердесін киіп, соларды көбірек біледі. Ғаламтордан соларды көп көреді. Құрбан айттың насихаты көшіні болғандықтан, балаларымыз бейғам өсіп келе жатыр. Оларға осы бастан «Қастерлі де қасиетті Зұл-хиджа айы кірді. Осы айдың онының күнінде үлкен мейрам Құрбан айт болады» деп Ибраһим пайғамбардың қиссасын айтып берсе, айттың құрметіне көшеге шығарып қыдырса, бұл – отбасылық идеологиялық жұмыстың үлкені.

Бұрын үлкендеріміз Арапа күні ііс шығарып, бауырсақ пісіріп, айттың келе жатқанын білдіретін. «Айттық сұрау» деген бар болатын. Қазір ол да ұмытылып бара жатыр. Міне, осындай бәрің көріп өскен өскелен ұрпақ Құрбан айттың қадірі мен сауабын сезініп, ізгілікке ұмтылады, мерекені асыға күтеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Нұрсұлтан МЫҚТІБАЙ

**Білім**

Әріптестеріммен елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысып, ондағы білім ошақтарының бүгінгі жай-күйінен хабардар болу үшін сапарымыз қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов ауылындағы Әбдікерім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп қабырғасында жалғасты. Шалғай ауылдағы алтын ұя ұстаздары шәкірттерін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Олар оқушыларды білім мен тәрбие арқылы тұлға етіп қалыптастыруда жауапкершілікті бірінші орынға қойған.

**Оқушылар шәкіртақы алатын орта мектеп**



1987 жылы пайдалануға берілген екі қабатты оқу ғимаратында білім беру саласына еңбегі сіңген білікті педагогтар басқарып, ұлағатты ұстаздардар бірнеше білімді шәкірт тәрбиелеп шығарған. 1992 жылы ақын Әбдікерім Оңалбаевтың аты беріліп, 2004 жылы мектеп ішкі ақынның ескерткіші қойылған. Ал 2020 жылы білім ордасы күрделі жөндеуден өткен. Бүгінде аталған мектеп ақын атына сай оқушыларға білім беріп, жас ұрпақты тәрбиелеуде өзіндік үлес қосып келеді. Жалпы аталған мектеп жаңа оқу жылы 318 оқушымен бастаған. Оның 131 оқушысы 1-ші сыныпқа қабылдана, 35-і мектепалды даярлық тобында білім алуда. Биыл білім ордасынан 18 оқушы түлемек. Бітіруші түлектердің барлығы ҰБТ-ға қатысуға ниетті.

Мектебімізде түлектер жыл сайын ҰБТ-ға 100 пайыз қатысып келеді. Былтырғы және оның алдындағы жылдардағы ҰБТ нәтижесі өте жақсы. Әр жыл сайын оқушылардың басым көпшілігі грант жеңіп алуда. Биылғы түлектердің де бөталысы жаман емес. 2 оқушымызды «Үздік аттестатқа» ұсынып отырмыз. Түлектердің дайындығы тікелей өзіміздің бақылауымызда. Олар қаңтар және наурыз дағы ҰБТ-дан жоғары балл жинады. Әйтсе де дiттеген мақсатымызға жету үшiн үздiксiз дайындық жүргiзе беремiз. Бiздiң ұжым үшiн ең маңыздысы, ауыл балаларына сапалы бiлiм беру, – дейдi мектеп директоры Фани Серiкбаев.

Әрине, шәкірттердің үздік болуы ұлағатты ұстаздың біліктілігіне байланысты. Мектепте барлығы 64 ұстаз бар. Оның 13-і – педагог-сарапшы, 23-і – педагог-модератор, 24-і педагог-зерттеуші. Айтпақшы, былтырғы оқу жылында 12 оқушы түлеп, ұлттық бірыңғай тестілеуге түгел қатысқан. Оның 2-еуі – «Үздік аттестат» иегері. Түлектердің барлығы бүгінде грант иегері атанып, жоғары оқу орнында білім алуда. Бір ерекшелігі, былтырғы түлектердің басым көпшілігі мұғалім мамандығын таңдапты. Себебін сұрасаңыз, оқушылардың барлығы дерлік ұстаздарының жолын жалғауды мақсат еткен.

Аталған білім ошағында биыл ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлдегер атанғандардың үлесі артқан, яғни ауылдағы алтын ұяның білімді жастары бірнеше рет жеңіс тұғырынан көрініп, ұстаздардың еңбегін еселей түсті. Мәселен, 5-6 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінде 35 оқушы қатысып, оның 11-і аудандық кезеңге жолдама алған. Аталған кезеңде 3 оқушы жеңіс тұғырынан көрінген. Дәл осы олимпиаданың 7-8 сынып оқушыларына арналған кезеңінде мектепшілік сайысқа 63 оқушы қатысқан. Оның 20-сы аудандық кезеңге қатысып, 5-еуі алғашқы үштіктен көрінген. Ал олимпиаданың 9-11 сынып оқушыларына арналған кезеңінде 53 оқушы мектепшілік сайысты білімдерін саралаған. Сондай-ақ оның 12-сі аудандық кезеңде үздіктер қатарынан көрінген. Мұнан бөлек «Зерде» республикалық байқауының аудандық кезеңінде 13 оқушы жүлделі орын алған. 1-еуі облыстық кезеңге жолдама алыпты. Ал «Дарын» ғылыми жобасының аудандық кезеңінде мектептен 10 оқушы қатысып, 7-еуі жеңіс тұғырынан көрінген. Оқушылар «Мұқағали Мақатаев» оқулары, «Алтын түлек» математика олимпиадасы, «Мәшһүр Жүсіп оқулары», «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық жобасында және «Абай оқулары», «Ілияс Жансүгіров» оқуларында да топ жаруда.

**Озат оқушы**

**Қарақат – мектеп мақтанышы**

Талдықорған төрінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» және облыстық «Жетісу дарыны» оқу-әдістемелік орталықтарының бірлесіп ұйымдастыруымен дәстүрлі «Ілияс оқулары» өз мәресіне жетті. Аталған байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 100-ге жуық оқушы шығармашылық шеберлігін сарапқа салды.

Байқаудың басты мақсаты – мектеп оқушылары арасында Ілияс Жансүгіров шығармаларын насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, табиғи дарынын анықтау. Байқаудың республикалық кезеңіне облыстық іріктеуден озып шыққан 8-11 сыныптың 96 оқушысы жолдама алған. Олар «Ілияс – әпкелі ақын», «Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап», «Ілияс – қарасөз шебері», «Сұлу сөздің сұлейі», «Заманның заңғар тұлғасы» бағыттары бойынша бақ сынаған. Бірі ақын жырларын жатқа оқыса, енді бірі қаламгер мұрасын талдап, оған жыр-шумақтарын арнаған.

Ол аудандық және облыстық кезеңде қарсылас саны оннан аспағанын айтады. Ал республикалық кезеңде еліміздің әр өңірінен жиналған 19 ақын қатысқан. Солардың арасында қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған 8 қатысушының ішінде кейіпкеріміздің де аты жөні аталған.

Байқауда үлкен мотивация беріп, мені әр сайыс сайын жігерлендіріп отыратын жетекшім Орынтай Алтаева апаімыма алғысым шексіз, – дейді мектеп мақтанышы. Ол байқауға өзінің 120 өлеңі жинақталған «Бақыт құшағында» атты кітабын алып барып, қазылар алқасының назарына ұсынған. Сұхбат барысында «маған оқырманға тек әдемі ұйқас емес, мағына мен сезім қалдыру маңызды» деген кейіпкеріміз кітабына енген өлеңдерінің басым көпшілігінде қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен адамдардың жан дүниесін бейнелеуге тырысқанын айтады.



Кейіпкеріміз биыл мектеп бітіреді. Ол алға қойған мақсатына жету үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 10-шы сыныптан бастаған. 11-ші сыныпқа дейін барлық пәннен жеке-жеке онлайн курс оқып, мектепшілік, аудандық сынама тесттерде жоғары нәтиже көрсеткен. Мәселен, жыл басында өткен қаңтар айындағы ҰБТ-дан 124, ал наурыздағы ҰБТ-дан 127 балл жинаған. Айтпақшы, мектеп түлегінің таңдауы – қазақ әдебиеті пәніне түскен. Себебі ол үшін ұлағатты ұстаз болу – үлкен мәртебе. Ес білгеннен позиция жақын болған ол келешекте өзі секілді жас буында тәрбиелеп, мықты маман болып қалыптасуды мақсат етіп отыр.

**Құттықтау!**

**Осмаханова Светлана Әбілдақызы**

Құрметті Светлана Әбілдақызы! Сізді 61 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз – білім беру саласында өзіндік қолтаңбасы бар, саналы ғұмырыңызды жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған аяулы ұстазсыз. Ұстаздық ету мамандық емес, ол – жанның қалауы. Сіз әр сабағыңызда шәкірттің санасына сәуле шашып, өмірдің қыр-сырын үйреттіңіз. Жас мамандарға дұрыс жол сілтеп, ақылшы болғаныңыз үшін ұжымыңыз сізді ерекше құрметтейді. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке тілейміз! Зейнет демалысыңыз қуаныш пен шаттыққа толы болсын!

Ізгі тілекпен, Ілияс Қабылов атындағы №32 мектеп-лицей ұжымы

**Құттықтау!**

**Алпысбаева Гүлзираш Төлегенқызы**

Құрметті Гүлзираш Төлегенқызы! Сізді өмірдің жаңа белесі зейнеткерлік жасқа қадам басқан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз ұрпақ тәрбиесі жолында үздіксіз еңбек етіп, саналы ғұмырыңызды шәкірт тәрбиелеуге арнадыңыз. Еңбек жолыңыз – үлкен өнеге. Сізге абыройлы еңбегіңіз үшін шексіз алғыс айтамыз. Зейнеткерлік ғұмырыңыз ұзақ және қуанышқа толы болсын! Отбасыңыздың аяулы қазынасы болып, ұзақ жасаңыз!

Ізгі тілекпен, Ілияс Қабылов атындағы №32 мектеп-лицей ұжымы

**Балалар лагерлеріне бірыңғай талаптар енгізілді**

Оқу-ағарту министрлігі балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі сапалы ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Биыл 1-сәуірден бастап елімізде алғаш рет балалар сауықтыру орталықтарының қызметін лицензиялау жүйесі енгізілді. Бұл бастама балалардың демалысы, оқуы және сауықтырылуы үшін бірыңғай талаптарды қалыптастыруға бағытталған.



Ұйымдарға түсетін өкімшілік жүктемені азайтып, құжаттарды жыл сайын қайта рәсімдеу қажеттілігін болдырмау мақсатында лицензияны қолданылу мерзімі бес жыл болып белгіленді. Бұл ұйымдар қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік бақылауды жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Лицензиялау балаларға көрсетілетін білім беру және сауықтыру қызметтерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Жаңа талаптарға сәйкес балалар сауықтыру орталықтары инфрақұрылым, кадрлық қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету және қауіпсіздік бағыттары бойынша белгіленген стандарттарға сай болуы тиіс.

Жаңа жүйе талаптарға сәйкес келмейтін және қауіпсіздік талаптарын сақтамайтын бейресми ұйымдардың қызметін шектеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қызмет сапасы артып, ұйымдардың жауапкершілігі күшейеді.

Балалар сауықтыру орталықтарына қойылатын негізгі лицензиялық талаптарға келсек, білім беру және сауықтыру бағдарламаларының болуы шарт. Сондай-ақ білікті педагогикалық және медициналық кадрлармен қамтамасыз етілуі тиіс. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы маңызды. Сонымен қатар қауіпсіздік жүйелерінің болуы міндетті. Материалдық-техникалық базаның белгіленген стандарттарға сәйкестігі де талап етіледі.

Жазғы демалысты ұйымдастыру мақсатында өңірлерде өкімдіктер жанынан ведомстворалық штабтар құрылған. Ведомстворалық комиссиялар балалар сауықтыру орталықтарының маусымға дайындығына алдын ала бағалау жүргізуде. Ал Оқу-ағарту министрлігінің білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттері балалар сауықтыру білім беру орталықтарының өтімдері негізінде лицензия рәсімдеуде.

Қабылданған шаралар балалардың демалысы мен сауықтырылуын қауіпсіз әрі сапалы ұйымдастыруға, сондай-ақ елімізде білім беру-сауықтыру қызметтерінің бірыңғай стандартын қалыптастыруға мүмкіндік бермек.